

Louis Dreyfus Company-ді саудалық қаржыландыруды кеңейту

Ел:	Өңірлік
Жобаның номері:	51258
Сала:	Агроөнеркәсіп
Хабарлама типі:	ЖЕКЕ
Экологиялық санаты: Директорлар кеңесінің қарауы үшін белгіленген мерзім	27 қараша 2019ж.
Мәртебесі:	Зерттеу
Жобаның түйіндемесін ашу күні:	20 маусым 2019ж.

Жобаны сипаттау

Louis Dreyfus Company-дің Украина, Түркия, Египет, Қазақстан, Тәжікстан, Болгария, Румыния және Польшада қызметін жүзеге асыратын еншілес компанияларының айналымдық капиталындағы қажеттіліктердің бөлігін қаржыландыру үшін 100 миллион АҚШ долларына жаңғыртылатын несие. Жоба шеңберінде Louis Dreyfus Company-дің («LDC», «Компания») еншілес компанияларының айналымдық капиталындағы осы елдерде ауыл шаруашылығының өнімдерін ілгерілету шаралары үшін қажеттіліктер қаржыландырылатын болады.

Жобаның мақсаттары

Айналымдық капиталдағы қажеттіліктер маусымдық сипатқа ие және ауыл шаруашылығының өнімдерін жыл ішінде ауытқып отыратын бағалар бойынша сатып алуларды жабады. Жоба өтімділік кедергі болуы мүмкін елдерде өнімдерді ілгерілету шаралары үшін айналымдық капиталды тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Өтпелі үдеріске әсер етуі

Инвестициялардың өтпелі үдеріске әсер етуі олардың ЕҚДБ операциялары жүргізілетін елдердегі жекелеген өндірістік-сату тізбектеріне көзделген «бәсекелестік» сапасына қосатын үлесімен шартталған. Ауыл шаруашылығы дақылдарының, соның ішінде дәнді дақыл мен мақтаның сапасын арттыруға; жеткізушілермен байланыстарды жақсартуға; сонымен қатар экологиялық және әлеуметтік стандарттарды жетілдіруге ерекше назар аударылатын болады.

Бұдан басқа, өтпелі үдеріске екінші әсер етудің «жақсы басқарылатын» сапасы шеңберінде LDC пен ЕҚДБ климат саласындағы іс-қимылдарға қатысты корпоративтік басқаруды күшейту мақсатында жоғары деңгейдегі диалогқа қатысатын болады. ЕҚДБ мен LDC бірлескен күштері климатпен байланысты ақпаратты бағалаудың және ашудың жақсартылған нұсқаларын қабылдауға шоғырландырылатын болады, бұл LDC-тың климатпен байланысты, салада елеулі демонстрациялық әсері бар қаржылық ақпаратты ашу бойынша Мақсаттық топ («TCFD») сияқты жаһандық платформаларға қатысуына әкелуі ықтимал.

Клиент туралы ақпарат

LOUIS DREYFUS COMPANY SUISSE SA

1851 жылы құрылып, өз қызметін 100-ден аса елде жүзеге асыратын Louis Dreyfus Company жылына 80 миллион тоннаға жуық өнім өндіруді, өңдеуді, өткізуді және тасымалдауды жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімдерін сату және өңдеу бойынша жетекші халықаралық компания болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

USD 100,000,000.00

Louis Dreyfus Company-дің Украина, Түркия, Египет, Қазақстан, Тәжікстан, Болгария, Румыния және Польшада қызметін жүзеге асыратын еншілес компанияларының айналымдық капиталындағы қажеттіліктерді жартылай қаржыландыру үшін 3-5 жылға 100 миллион АҚШ долларына дейін мөлшердегі жаңғыртылатын несие.

Жобаның жалпы құны

USD 300,000,000.00

Ескерту: қаржыландырудағы нақты қажеттіліктер шикізаттық тауарлардың бағалары мен көлемдеріне байланысты, бірақ 300 миллион АҚШ долларына жуық мөлшерде бағаланады.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

В санаты. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу үшін айналымдық қаражат ұсыну елеулі экологиялық немесе әлеуметтік салдармен байланысты емес. Louis Dreyfus Company алдыңғы мәмілелердің арқасында Банкке жақсы таныс және Компанияның экологиялық және әлеуметтік мәселелерді басқаруы Банк үшін әрқашан да қанағаттанарлық болып табылған. Louis Dreyfus Company еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны басқару кешенді дүниежүзілік жүйесін көшбасшылық, кәсіпорындарды инспекциялау, оқиғаларды тексеру, авариялық жоспарлау, қағидалар мен нормалар, оқыту, жеке қорғаныс құралдарын («ЖҚҚ») пайдалану, өнеркәсіптік гигиена және еңбек гигиенасы, сонымен қатар инженерлік бақылау негізгі элементтерімен қоса ендіреді. ЕҚДБ бұл жүйенің қолданылуын Компаниямен талқылады және Компанияның өз міндеттерін орындауына мониторинг жүргізеді.

Жүйені толық қолдану жобаларды іске асыруға қойылатын Банк Талаптарына Компания қызметінің сәйкестігін қамтамасыз етеді. Компания оның қызметімен байланысты экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша жыл сайынғы есептілікті Банкке беруін жалғастырады.

Техникалық ынтымақтастық

Белгілі бір дақылдар үшін құн құру тізбегін және жеткізушілермен кері байланысты дамытуда ықтимал қолдау көрсетілуі мүмкін.

Компания туралы байланыс мәліметтері

Hervé Sahores [herve.sahores@ldcom.com](mailto:hervé.sahores@ldcom.com) +41-58 688 26 66 <https://www.ldc.com/global/en/>
29, route de l'Aéroport, почта жәшігі 236, CH-1215 Женева 15

Жобаларға қатысудың мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуларға қатысу мәселесі бойынша компания-клиентке жүгінуіңізді өтінеміз

Жалпы анықтамалар

Сатып алуды жүзеге асырумен байланысты емес ЕҚДБ жобалары бойынша анықтамалар:
Тел.: +44 20 7338 7168; Факс: +44 20 7338 7380 Email: projectenquiries@ebrd.com

Жұртшылықты хабардар ету қағидаттары (ЖХЕҚ)

ЖХЕҚ-та ЕҚДБ стратегияларын, саясатын және операцияларын белсендірек айғақтау және түсіну мақсаттарында Банктің ақпаратты жариялауының және оның мүдделі тараптармен кеңесулер жүргізуінің нысандары туралы ережелер бар.

[ЖХЕҚ мәтіні](#)

Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі орган (ШҚО)

ЕҚДБ Жобалармен байланысты шағымдарды қарау жөніндегі органды (ШҚО) зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін деп жорамалданған, Банкпен қаржыландырылатын жобаларға қатысты бір немесе бірнеше жеке тұлғадан немесе ұйымнан келіп түскен шағымдарды тәуелсіз қарауды қамтамасыз ету үшін құрды.

[ШҚО процедурасының қағидалары | Орысша нұсқа](#)

ШҚО-ға шағымдардың барлығы ЕҚДБ қаражаттарының соңғы бөлінуінен кейінгі 12 айдан кешіктірілмей берілуі тиіс. Егер Сіз шағымның қай мерзімде берілуі тиіс екендігіне сенімсіз болсаңыз, Сіз көмек алу үшін ШҚО қызметкеріне (e-mail бойынша: rcm@ebrd.com) немесе ЕҚДБ тиісті өкілдігіне жүгінсеңіз болады.